



# SAQSHY



№ 15/4805/сәрсенбі, 17 сәуір 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.polisia.kz



## МОПЕД МІНГЕНДЕР МӘСЕЛЕСІ

Мопед тізгіндегендердің салғырттығынан елімізде былтыр жол апаттарының саны айтарлықтай артқан. Мәселен, 2023 жылы аталмыш көлік құралына қатысты 750 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Соның салдарынан 39 адам көз жұмып, 730 адам жарақат алған. Қаншама адамның өмірі мен денсаулығына орасан зардабы тиген қатынас құралына қатысты жауапкершілік көзделмеген. Осы олқылықты ретке келтіру мақсатында депутаттар жаңа заң жобасын талқылау үстінде.


Гауһарай АМАНҒАЛИҚЫЗЫ,  
суретті түсірген Владимир ЗАЙКИН

Жалғасы 3-бетте >>>



Еңбегі ел  
тарапынан еленді >>>

3-бет



Несібесін несиеге  
жегізгендер  
немесе алаяққа алданғандар >>>

4-бет



Тәрбиенің төресі – еңбек >>>

5-бет



Төзімді тірек қылған  
тәртіп сақшылары >>>

8-бет



## ЖЕТИ КҮН



Шымкентте учаскелік полицей тоғыз жыл бұрын кісі өлтірген күдіктіні ұстады. Қылмыс Түркістан облысында 2015 жылдың наурыз айында болған. Арыс қаласының тұрғыны жанжал кезінде үш адамды атып, оқиға орнынан бой тасалаған. Жәбірленушінің бірі алған жарақатынан ауруханада көз жұмған. Сол жылдың сәуір айында ер адамға халықаралық іздеу жарияланды.

Қауіпті қылмыскерді анықтап, құрықтаған – Еңбекші АПБ-ның учаскелік инспекторы Сәкен Ақбаев. Ол қарамағындағы әкімшілік аумақтың әрбір тұрғынын білетін. Тәртіп сақшысы үнемі кепка киіп, бет-әліпетін жасыруға тырысып жүретін жігітке жіті назар аударған. Оның жергілікті көлік жөндеу орталығына жақында жұмысқа орналасқанын білген инспектор ер азаматтың жеке басын анықтады. Тәртіп сақшысы оқиға туралы дереу жедел-тергеу тобына хабарлап, әріптестерімен бірге қашқынды қолға түсірді. Қазір күдікті қамауда.

Елордалық полицейлер түнгі клубта есірткі саудалайтын ер адамды ұстады. Оның қалтасынан төрт полиэтилен түйіншегі табылып, тәркіленді. 31 жастағы адамның синтетикалық есірткіні сатумен айналысқаны анықталды. Әрі қарай оның тұрғылықты жерін тінту барысында есірткіні буып-түю және орау үшін қажетті материалдар, сондай-ақ, салмағы 3,7 грамм болатын мефедрон табылды. Есірткі заттарын өткізгені үшін қылмыстық іс қозғалды. Ол уақытша ұстау изоляторына қамалды.

Павлодар облысы Ямышев ауылының зейнеткері жылқысының жоғалуы бойынша учаскелік полиция бөліміне жүгінді. Ол жылқының үйге жақын жерде жайылып жүргенін, содан кейін жоғалып кеткенін түсіндірді. Полиция капитаны Рүстем Сыздықов пен учаскелік полиция көмекшісі Ардақ Қаденов арызды қабылдап, іздеуге кірісті. Екі сағат ішінде жылқы жоғалған жерден 15 шақырым жерден табылды. Зейнеткер арызын кейінге қалдырмай, бірден іздеуге кіріскен тәртіп сақшыларына алғысын білдірді.

Айта кетейік, биылғы төрт айда өңірде мал ұрлығының тоғыз дерегі тіркелген.

Атырау облысы ПД жанындағы патрульдік полиция ротасының қызметкерлері Ақтөбе-Астрахань тас жолының 691 шақырымы тұсында күдік тудырған 44 жастағы жүргізушінің басқаруындағы «УАЗ» автокөлігін тоқтатты.

Тексеру кезінде автокөліктің жүк салғышынан төрт қапқа салынған 89 келі бекіре тұқымдас балық тәркіленген. Күдікті жедел-тергеу тобына тапсырылды. Қылмыстық іс қозғалып, тергеу амалдары жүргізілуде.

Өңірде 1 сәуір – 31 мамыр аралығында «Бекіре-2024» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуде.

Ақмола облысында тәртіп сақшылары су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарды эвакуациялап жатыр. Сандықтау ауданы Каменка ауылынан 18 үйден 43 тұрғын және 48 бас мал эвакуацияланды. Сондай-ақ Сандықтау ауданында су тасқынына қарсы іс-шаралар барысында полиция қызметкерлері мен ТЖ қызметкерлері 284 адамды эвакуациялады, оның ішінде 32 бала, сегіз мүмкіндігі шектеулі жан бар.

Жетісу облысының тәртіп сақшылары мен облыстық ҰҚҚД қызметкерлері прокуратураның үйлестіруімен синтетикалық есірткі өндіретін ірі есірткі зертханасын жою бойынша бірлескен арнайы операция жүргізді.

Жедел-іздістің іс-шаралары барысында құқық қорғау органдарымен Алматы облысы Іле ауданының аумағындағы саяжай үйінде синтетикалық есірткіні өндірумен айналысқан 22 жастағы алматылық аруды ұстады. Үйін тінту кезінде шамамен 44 келі мефедрон және 2 келі «пирролидиновалерофенон – А-RVP» синтетикалық заты, есірткі өндіруге қажетті реактивтер мен құралдар, сондай-ақ 28 мың АҚШ доллары табылып, тәркіленді. Күдікті қамауға алынды. Тергеу жалғасуда.

## ПРЕЗИДЕНТ ӘЙЕЛДЕР ҚҰҚЫҒЫ МЕН БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ЗАҢҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

**Әйелдер мен балаларға қатысты кез келген сипаттағы зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті қатаңдататын, сондай-ақ, отбасы институтын, кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін нығайтатын нормалар енгізілді.**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына қол қойды.

Президент 2022 жылғы 16 наурыздағы және 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық үшін жазаны қатаңдатуды тапсырған болатын.

Енгізілген түзетулер қоғамда қызу талқыланды. Парламент палаталарының отырыстарына Ұлттық құрылтай мүшелері, үкіметтік емес ұйымдардың, Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның, Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың өкілдері және Балалар құқықтары жөніндегі уәкіл қатысты.

Әйелдер мен балаларға қатысты кез келген сипаттағы зорлық-зомбылық үшін

жауапкершілікті қатаңдататын, сондай-ақ, отбасы институтын, кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін нығайтатын нормалар енгізілді:

- денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру және ұрып-соғу қылмыстық құқық бұзушылық ретінде танылды. Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа және ауыр зиян келтіруге қатысты жауапкершілік қатаңдатылды;

- неке және отбасы, әке болу, ана мен бала институтын нығайтуға негізделген неке және отбасы заңнамасының жаңа қағидаттары, сондай-ақ, жалпыадамзаттық, ұлттық, дәстүрлі, мәдени, отбасылық құндылықтарды құрметтеу негізінде балалардың адамгершілік, рухани тәрбиесін қамтамасыз ету қағидаты қарастырылған;

- отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі байланыс орталығы қызметінің құқықтық негіздері жасалды. Оның рөлін ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын заңды тұлға атқарады. Бұл ретте мемлекеттік органдар отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзара әрекет етіп қана қоймай, байланыс орталығына азаматтардың өтініштерін қарау нәтижесінде қабылданған шаралар туралы ақпарат беруге міндетті болады;

- тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету үшін отбасын қолдау орталықтарын құруға және олардың жұмысына қатысты мәселелер заңнамалық тұрғыдан бекітілді;

- өзін-өзі өлтіруге итермелегені және ықпал еткені, сондай-ақ, өзін-өзі өлтіруді насихаттағаны үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді;

- 16 жасқа толмаған адамдарға сексуалдық сипатта тиіскені үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді. Кәмелетке толмағандарды ұрлағаны және заңсыз бас бостандығынан айырғаны үшін жаза айтарлықтай қатаңдатылды;

- кәмелетке толмағандарды жәбірлегені (буллинг, кибербуллинг) үшін әкімшілік жауапкершілік алғаш рет енгізілді;

- білім беру ұйымдары кәмелетке толмағандар жасаған немесе оларға қатысты жасалған заңға қайшы әрекеттер туралы құқық қорғау органдарына дереу хабарлауға міндетті;

- 16 жасқа дейінгі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жол ақысын төлемегені үшін оларды қоғамдық көліктен мәжбүрлен түсіруге тыйым салынды.

Заңдардың мәтіні баспасөзде жарияланады.

akorda.kz

## ҚЫРАҒЫЛЫҚТЫҢ ӨЗІ – ҚАҢАРМАНДЫҚ

**Түркістан облысында патрульдік полиция батальонының инспекторлары Дәулет Сағынбаев пен Нұрғали Сапархан суға батып бара жатқан жас жігітті ажалдан арашалап қалды.**

Гүлнәр ӘБДІРАХМАНҚЫЗЫ,  
Түркістан облысы

Республикалық маңызы бар Сарыағаш – Жетісай – Жібек Жолы тас жолының 155-130 шақырымында кезекшілікке түскен полицейлер күндізгі уақытта жол бойында адамдардың топтасып тұрғанын байқайды.

Тәртіп сақшылары мән-жайды анықтау барысында Сырдария өзенінде ағып бара жатқан адамды көреді. Еш ойланбастан көмектесуге кіріскен тәртіп сақшысы Д.Сағынбаев суға секіріп, батып бара жатқан азаматқа жақындайды. Ол әріптесі Н.Сапархан екеуі ер адамды сүйреп, жағаға алып шығады.



Көмекке дер кезінде жеткен тәртіп сақшылары жас жігітті дін аман жағаға алып шығады. Жағдайы бірқалыпты. Белгілі болғандай,

Мақтаарал ауданының тұрғыны мал бағып жүріп, құлынның өзенге түсіп кеткенін байқайды. Малын құтқарамын деп суға түсіп, соңында өзі шыға алмай қалған.

## ЖАСТАР – ЖАСАМПАЗДЫҚ ҮЛГІСІ

**Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясында Ғылым қызметкерлері күніне орай және академик Қ.Сәтпаевтың 125 жылдығына арналған Әскери арнайы оқу орындарының «Жас ғалымдар» форумы өтті.**

Әсемай ӘЛЖАПБАРОВА,  
Қарағанды академиясы



Аталмыш форумға Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының атынан жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру факультетінің ғылыми-педагогикалық магистратурасының 2-курс магистранты, полиция аға лейтенанты Меруерт Ақанова қатысты. Форум барысында әртүрлі тренинг түрінде топтық сайыс өткізілді.

Сонымен форум нәтижесі бойынша Әскери арнайы оқу орындарының магистранттары арасында «Үздік презентация» номинациясын Қарағанды академиясының магистранты М.Ақанова иеленді.

Айта кетсек, полиция аға лейтенанты М. Ақанова Әкімшілік-құқықтық пәндер кафедрасында ғылыми жұмысы бойынша бекітілген. Кафедра бастығы, философия докторы (PhD), полиция полковнигі Т.Салкебаевтың жетекшілігімен 15-тен аса халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысып, ғылыми мақалалары үздік бағаланды.




# МОПЕД МІНГЕНДЕР МӘСЕЛЕСІ

Мәселенің мәнісіне айналған мопедке қатысты қолданыстағы заңнаманы ақтаратын болсақ, алдымен ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі мен Жол жүрісі қағидаларына мойын бұрамыз. Мопед жүргізушілері заң шеңберінен аттаған болса, Кодекстің

ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Ақтоты Боранова.

Аға инспектордың айтуынша, жыл басталғалы бері республика бойынша жалпы 4000 жол-көлік оқиғасы тіркелсе, соның 171-іне мопедшілердің қатысы бар. Үш айдың ішінде соның салдарынан бір адам қайтыс болса, 173 адам түрлі дене жарақатын алған. Салыстырмалы түрде өткен жылдың есепті мерзіміне қарағанда өсім байқалады. Бүгінде мопед жүргізушілері жол беретін заң бұзушылықтар бойынша Алматы қаласы алдыңғы орында тұр. Сәйкесінше мұнда мопедшілер саны да жоғары. Мәселен, 171 жол-көлік оқиғасының 160-ы осы қалада орын алған. Одан кейінгі санатта Алматы, Жамбыл, Маңғыстау облыстары тұр. Сөзімізді дәлелдей түссек, осыдан бес күн бұрын Алматы қаласында жоғары жылдамдықпен келе жатқан мопедші бағдаршамның қызыл белгісінен өтіп кетіп, тағы бір мопедке соқтығысқан. Одан соң LEXUS GX460 көлігіне қақтығысқан. Мопед сол бойда бөлшектерге бөлінген. Мопед жүргізуші басына шлем кимеген. Жедел-жәрдем жеткенше мопед тізгініндегі 21 жастағы жігіт ауыр жарақаттан көз жұмды.



596, 612, 615-баптары бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сондай-ақ 440-бап бойынша мопедті қоғамдық орында масаң күйде тізгіндегендерге бес айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады.

Ал былтырғы статистикаға көз жүгіртсек, Алматы қаласы мен облысы көш бастаса, одан кейінгі орындарда Астана қаласы мен Қызылорда облысы мопедшілері тәртіп бұзған. Мопедшілердің қаққан қазықтай болып, тәртіп бұзбауын қамтамасыз етуге арналған жауапкершілік қарастырылмаған. Қазіргі таңда Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары дәл осы тақырыпты талқыға салуда. Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляеваның бастамасымен осы мопедке қатысты мәселе көтеріліп, бүгінде бұл тақырып жан-жақты қарастырылып жатыр.

Қолданыстағы заңға сәйкес, бүгінде мопедтер тіркелмейді және оны тізгіндеу үшін жүргізуші куәлігі талап етілмейді. Алайда жаңа заң жобасы қабылданғаннан кейін бәрі бұрынғыдай болмайды. Ішкі істер министрінің орынбасары Игорь Лепеханың айтуынша, жаңа заң жобасының аясында мопедті «А1»

санатындағы жүргізуші куәлігі барлар ғана жүргізе алады. Сондай-ақ Ішкі істер министрінің орынбасары түзетулер енгізілгеннен кейін мопед жүргізушілерінің қозғалыс тәртібі реттелетінін айтты. Сәйкесінше министрлік еліміздегі мопедтерді тіркеп, тексеретінін де хабарлады.

Тағы бір маңызды норма: әкімдер скутерлердің қызметін реттеуге өкілеттік алады. Олар өздерінің қосымша ережелерін белгілей алады, қайда қозғалуға болады, қайда жүре алмайды, олардың қозғалуына қай уақытта тыйым салу керек деген ережелерді өздері реттейді, – деді Игорь Лепеха.

Айта кетерлігі, мопедке қатысты жол апатының саны соңғы 2-3 жылда күрт өсіп отыр. 2022 жылы елімізде мопед қатысқан жол апатының саны 2021 жылмен салыстырғанда үш жарым есеге жоғары болған. Тісінше жараланған адамдар саны үш есеге артқан. Бұл бір жағы заңда талап жоқ болғандықтан, мопед жүргізушілерінің тайрандауына әкеп соғып отыр. Мәселен, жуырда жолдан адам қағып, қашып кеткен атыраулық мопедшіні ұстаған тәртіп сақшыларының әрекеті түсірілген бейнежазба әлеуметтік желіде кең тарады. Мопедші жасөспірімді қағып кетіп, бой тасалауға тырысқан. Бейнебақылау камераларының көмегімен мопед жүргізушісін тоқтату кезінде құқық бұзушы полиция қызметкерлерінің ескертуіне құлақ аспаған. Бірнеше көше қиылысынан соң, полиция қызметкерлерінің жолын кесуімен Атыраудағы Құрманғазы көшесі бойында тоқтатылған. Тексеру барысында мопедші мен оның қасындағы жолаушының 17 жастағы жасөспірім екені анықталды. Осы жағдай бойынша көлік құралы полиция басқармасына жеткізіліп, тиісті іс-құжаттар жинақталуда. Айта кетерлігі, полицейлер ұстаған мопедші де, оның серігі де ешқандай дене жарақатын алмаған.

Тұрғындар мен мамандар мопедшілерге қатысты жауапкершілікті қатаңдатуы көптен сұрап жүр. Бірақ заңда нақты белгіленбегендіктен, полицейлер оларды жазға тарта алмады. Енді заң күшіне енсе, жолдағы жайсыздықтың азаяры сөзсіз.

## АЙМАҚ ТЫНЫСЫ

# «СЕРТ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ КУРСАНТТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

**ҚР Ішкі істер министрлігінің Алматы академиясының курсанттары «Серт» байқауының бас жүлдесін жеңіп алған Бекболат Сарбасовпен кездесу өткізді.**

Ақмарал МАХАМБЕТӘЛІ

Ішкі істер министрлігінде 2021 жылдан бері өткізіліп келе жатқан республикалық «Серт» детективтік шығармалар байқауының мақсаты – бүгінгі полиция қызметкерлерінің күрделі де қауіпті қызметіне қоғам назарын аудару.

Жыл сайын аталған байқауға қатысқан авторлар құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің қауіп пен қатерге толы, жанкешті еңбектерін детективтік шығармаларына арқау етіп, сол арқылы қоғам тыныштығы үшін күресіп жүрген қызметкерлерді Отан алдындағы міндеттерін адал және әділ орындауға жігерлендіруде.

Бекболат Сарбасов тек қын да жауапты жанрға қалам тербеген

жазушы ғана емес, өзі де полиция қатарында қызмет өткерген маман. 2024 жылғы «Серт» байқауының бас жүлдесі оған «Фартовый» детективтік шығармасы үшін берілді.

Кездесуге Бекболат Сарбасовпен бірге отставкадағы полиция подполковнигі Ергешбай Тұхтабаев та қатысып, полиция қызметінің қыр-сырымен бөлісті.

Болашақ офицерлер шығарма авторының «Фартовый» детективіндегі оқиғалардың барысы, полиция қызметкерлерінің қылмысты ашудағы кәсіби шеберлігі жайлы сұрақтар қойып, қызығушылық танытты.

## ЖАНЖАЛҚОЙ ЖАУАПҚА ТАРТЫЛДЫ

**Биыл Екібастұз қаласының полициясына отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы заңсыз әрекеттері бойынша 297 әйел жүгінсе, өткен жылы осы уақыт аралығында 64 әйел жүгінген.**

Жанар КӨКЕШҚЫЗЫ, Павлодар облысы

Тәртіп сақшылары әрбір жәбірленушіге қорғау нұсқамасын шығарды. Оның ішінде «Қорғау» ережелерін бұзғаны үшін 38 тәртіп бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Жауапкершілікке тартылғандардың ішіндегі бір тұрғын таяуда нұсқаманы бұзды.

Қала тұрғынының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оның күйеуінің атына 30 тәулік мерзімге қорғаныс ұйғарымы шығарылған болатын. Ұйғарым бойынша жәбірленушіге қатысты қасақана құқыққа қайшы әрекеттер жасауға тыйым салынды. Алайда таяуда ол тұрғылықты жері бойынша масаң күйде отбасылық жанжал шыға-

рып, дәрекі сөздер айтып, қорғаныс нұсқамасын бұзды. Бұл адамға қатысты қорғаныс нұсқамасын бұзғаны үшін материал сотқа жіберілді. Сот тәртіп бұзушыны 10 тәулік мерзімге әкімшілік қамауға алды, – деп атап өтті Екібастұз қаласы Жергілікті полиция қызметі бастығының орынбасары Медет Бейсенов.

Азаматтарды тәртіпті сақтауға, жақын жерде тұратындардың мүдделері мен құқықтарын ескеруге, айналада болып жатқан және аса ауыр қылмыстарға жол ашатын ұсақ бұзушылықтарға төзбеушілікке шақырамыз.



## ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІ ТИІСТІ ДӘРЕЖЕДЕ

**Петропавлға Есіл өзенімен ауқымды көлемде су жақындап келеді. Полиция мен жауапты мемлекеттік орган қызметкерлері тұрғындар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тәулік бойы үздіксіз қызмет атқаруда.**

Игорь МЕРЦАЛОВ, СҚО ПД Баспасөз қызметі

Заречный кенті – су басыу ықтимал аудандардың бірі. №13 орта мектепте штаб құрылды. Петропавл қалалық полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Марат Жұмалиев күн сайын дәл осы жерде адамдарды эвакуациялап, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге ауысыммен кезекшілікке түсетін қызметкерлерді учаскелерге таратады. Тұрғындарға көмек көрсетуге қалалық, облыстық полицияның

қызметкерлері, құтқарушылар, өрт сөндірушілер, әскери қызметшілер, әкімдік, медицина қызметкерлері, ұстаздар, еріктілер жұмылдырылған.

Қазіргі уақытта Заречный кентіндегі жағдай тыныш, барлығы жергілікті атқарушы органдар мен полиция қызметкерлерінің бақылауында.

## ЕҢБЕГІ ЕЛ ТАРАПЫНАН ЕЛЕНДІ

**Бүгінгі таңда еліміздегі табиғи апат салдарынан көптеген аймақтарды су басып, қарапайым тұрғындар жапа шегуде. Атап айтар болсақ, қазіргі таңда су басу қаупі Батыс Қазақстан мен Атырау облыстарында өте жоғары. Алайда бұл апаттың алдын алу мақсатында еліміздің айбыны болған Ұлттық ұлан қызметкерлері аянбай еңбек етуде. Ұландықтар тұрғын алаптары маңында құм толтырылған қаптардан бөгет салып, аймақ тұрғындарын эвакуациялауда белсене қызмет атқаруда.**

Ерболат СҰЛТАНОВ, Ұлттық ұлан Баспасөз қызметі



Атап айтар болсақ, күні кеше ғана Орал қаласының маңындағы елді мекендерден тұрғындарды эвакуациялау барысында Ұлттық ұланның 5517 Әскери бөлімінің қызметкері Мәулен Марленов ел алғысына бөленді. Ол қарғын судың ортасында қалған адамдар мен жүк көлігін

өз көлігінің күшімен тартып, 30-ға жуық адамды қауіпсіз аймаққа шығаруға көмектесті. Су ортасында қалған тұрғындар қиын жағдайда қол ұшын берген Ұлттық ұлан қызметкеріне жылы лебізін білдірді.

– Мен бізге берілген аймақта тұрғындарды эвакуациялау жұмыс-

тарын атқарып жүрген болатынмын. Бір мезетте 30-ға жуық тұрғынды эвакуациялауға тырысқан жүк көлігі қызыл судың ортасында батып қалғанын байқадым. Көп ойланбастан адамдарды құтқаруға бет алдым, – дейді Мәулен Марленов.



# НЕСІБЕСІН НЕСИЕГЕ ЖЕГІЗГЕНДЕР немесе алаяққа алданғандар

**Телефон қоңырауы арқылы талайды тақырға отырғызған интернет-алаяқтар аз емес. Қазіргі таңда көп қазақтың несібесі алаяқ рәсімдеген несиені төлеуге кетіп жатыр. Мәселен, былтыр Қызылорда облысында ғаламтор желісі арқылы орын алған қылмыстар саны 202-ге жеткен. Оның 55-і бойынша күдіктілер анықталып, іс сотқа жолданған. 202 қылмыстың 67 дерегі бойынша жәбірленушілерге несие рәсімдеген. Бұл іс басына түскендердің тапқан-таянғаны ай сайын құмға сіңген судай сол несиені төлеуге кетіп жатыр.**

Бетті дайындаған  
Гауһарай ЕСІМОВА



Интернет-алаяқтардың арбауына түсіп, сан соғып қалғандардың ауыртпашылығы бір-екі жылмен шектелмейді. Себебі олар құлық-сұмдықтың қыр-сырын меңгерген виртуальды әлем қарақшыларының кесірінен жылдар бойы несібесін несиеге төлейді. Өзінің қажеттілігіне арналған қарызды өтесе бір жөн. Олар бала-шағасының аузынан жырып, алаяқтардың құлқынына кеткен несиені жабады. Дәл осындай тағдырды арқалап, демін ішіне тартқан қаншама қазақстандық көңілсіз күн кешіп жатыр?! Былтыр бір жылдың ішінде Сыр өңірін-

арқылы видеобайланысқа шығуды тапсырған. Видеобайланысқа шыққан кезінде бет-әлпетін сканерлеп алған. Әрі қарай бірнеше минуттан соң екі банктің қосымшасына кіріп, «Несие рәсімдеуді тоқтатуға қатысты батырма шығады, соны басыңыз» деп нұсқау берген. Мұндай батырма шықпағанын айтқан жәбірленушіге олар өздері атаған банктің қосымшасын жүктеуді нұсқаған. Жаңа қосымша ашқанында дереу 700 000 және 2 200 000 теңге несиені рәсімделіп жатқаны, сол үшін бет-әлпетін сканерлеуді сұраған. Әлгі әккілер «Сол үдеріс арқылы алаяқтардың әрекетіне тосқауыл қоямыз» деп алдаған. Одан соң тағы бір банктің қосымшасын жүктеуді тапсырған. Абырой болғанда, ол банктің қосымшасы телефонға жүктелмеген. «Іс бітті, қу кетті» дегендей, олар «Уайымдамаңыз, несиені рәсімдеу тоқтатылды» деп телефонды қоя салған. Кейіннен жәбірленуші алғашқы банк қосымшасы арқылы өзінің белгісіз үш адамға жалпы көлемі 2 900 000 теңге аударым жасағанын білген.

Міне, осы сипатта қаншама адам несиені алып, алаяқтардың арбауынан қашамын деп, керісінше, олардың құрығына ілініп жатыр. Өзін «Қаржылық ұйымдарда, мемлекеттік органда жұмыс істейтін қызметкермін» деп таныстыратын адамдарға қарапайым халық Құдай-

арқылы видеобайланысқа шығуды тапсырған. Видеобайланысқа шыққан кезінде бет-әлпетін сканерлеп алған. Әрі қарай бірнеше минуттан соң екі банктің қосымшасына кіріп, «Несие рәсімдеуді тоқтатуға қатысты батырма шығады, соны басыңыз» деп нұсқау берген. Мұндай батырма шықпағанын айтқан жәбірленушіге олар өздері атаған банктің қосымшасын жүктеуді нұсқаған. Жаңа қосымша ашқанында дереу 700 000 және 2 200 000 теңге несиені рәсімделіп жатқаны, сол үшін бет-әлпетін сканерлеуді сұраған. Әлгі әккілер «Сол үдеріс арқылы алаяқтардың әрекетіне тосқауыл қоямыз» деп алдаған. Одан соң тағы бір банктің қосымшасын жүктеуді тапсырған. Абырой болғанда, ол банктің қосымшасы телефонға жүктелмеген. «Іс бітті, қу кетті» дегендей, олар «Уайымдамаңыз, несиені рәсімдеу тоқтатылды» деп телефонды қоя салған. Кейіннен жәбірленуші алғашқы банк қосымшасы арқылы өзінің белгісіз үш адамға жалпы көлемі 2 900 000 теңге аударым жасағанын білген.

Міне, осы сипатта қаншама адам несиені алып, алаяқтардың арбауынан қашамын деп, керісінше, олардың құрығына ілініп жатыр. Өзін «Қаржылық ұйымдарда, мемлекеттік органда жұмыс істейтін қызметкермін» деп таныстыратын адамдарға қарапайым халық Құдай-



дегі тұрғындарға келген шығын шаш-етектен. Соның салдарынан алданған халықтың қалтасына 287 263 285 теңге көлемінде салмақ түскен.

Алаяқтардың торына түскен жәбірленушілер бар тапқан ақшасын несиені жабуға жұмсайды. Себебі оны төлемесе, қарызың еселене береді. Күдікті анықталмаса да, мойнындағы қарыз мөлшері сол күйінде қалады. Мұндай қиындықпен бетпе-бет келіп, «Шықпа жаным, шықпа» деп жүрген отандастарымыздың саны жетіп-артылады.

— Жыл басынан бері аймағымызда интернет-алаяқтық бойынша 52 қылмыстық іс тіркелді. Оның 17-сі бойынша күдікті тұлғалар анықталды. Ал біз көтерген мәселе бойынша 21 адам интернет-алаяқтардың торына түскен. Оның төртеуі бойынша іс өз шешімін тапса, қалғандары ұялы телефонның ар жағындағы өзі танымайтын алаяқтарға несиені төлеуде, — деді Қызылорда облысы полиция департаменті Криминалдық полиция басқармасы Киберқыл-

аударуды талап еткен. Сөйтіп жәбірленуші белгісіз адамның айтқанына сеніп, өз атына несиені рәсімделіп жатқан есепшотқа 500 000 және 450 000 теңге қаражатты аударып жібергенін көрсеткен.

Аға жадел уәкіл, полиция капитаны Серік Әнуарбекұлы мұндай кейіпкерлердің алдану схемасы өте ұқсас екенін алға тартты. Жуырда ғана тағы бір жәбірленушіге өзін Veeline орталығының абоненттік операторы ретінде таныстырған алаяқ шұғыл түрде код жіберуді сұраған. Ойында ешнәрсе болмаған жәбірленуші кодты айтқан бойда дереу тұтқаны қоя салған. Араға жарты сағат салып, тағы бір адам өзінің банктің өзіндік қауіпсіздік қызметкері екенін айтып, «Сіздің атыңыздан төрт банктен несиені рәсімделіп жатыр, расында ол несиені сіз рәсімдеп жатырсыз ба?» деп сұраған. Бұл жағдайды тоқтату үшін не істеу керегін сұраған жәбірленушінің жанында кім барын анықтаған. Жәбірленуші қасында қызы бар екенін айтқан. Интернет-алаяқ сол қызының телефоны

дай сенеді. Алайда олардың сенімін аяқасты еткен алаяқтар өздерінің арам ойларын жүзеге асырады.

**ТҮЙІН.** Бүгінде интернет-алаяқтықтың алдын алу мақсатында және осы санаттағы істердің ашылуына ішкі істер органдары баса назар аударуда. Халықтың құқықтық сауатын арттыру барысында түрлі кездесу мен іс-шаралар қолға алынды. Десе де, тағы бір ерекше тоқталатын жайт, осы ретте екінші деңгейлі банктердің де жауапкершілігін арттыру мәселесіне жете көңіл бөлініп, несиені рәсімдеу механизмдеріне өзгеріс енгізілуі шарт. Әйтпесе, банк қызметкерлерімен ауыз жаласып, қитұрқы әрекетке баратындар да табылады. Оның үстіне қазір банктерден онлайн несиені рәсімдеу — ең оңай жұмыс. Бұл ретте олар да өз тұтынушыларының құқығын қорғау мақсатында киберқорғанысты күшейтуі керек. Банк өз мүддесінен халықтың мүддесін жоғары қойғанда ғана интернет-алаяқтардың жосықсыз әрекеті азаяры сөзсіз.

## ТАҚЫРЫПҚА ТҰЗДЫҚ

### АЛАЯҚТЫҢ АРАНЫНА ЖҰТЫЛҒАН КҮН

Көптен бері екі ойлы боп жүрген постты жазам деп шештім.

Бұл оқиғаға жарты жыл өтті. 2023 жылғы 13 ақпан күні мен алаяқтардың жеміне айналдым. Ол маған 13 ақпан күні таңертең сағат 10.00 шамасында хабарласты. «Ұлттық банктің өкілі»-міс. Ер адам. Айтуынша, пәлен банктің депозитіндегі шотымды біреулер бұзып, ақшаны алғысы келіп жатыр екен. Соны сақтап қалғым келсе, сөзін бұлжытпай орындауым керек.

Қипақтадым да қалдым. Үй жинап жүргенмін. Шаңсорғыш бір жақта, трәпкі бір жақта жатыр. «Ақұдай көкем, күйеуіммен бір ауыз сөйлесейін, телефонды қоя тұршыға» көнген жоқ. «Күйеуің қайта рақмет айтады. Ақшаңды біреу қолды қылғанын қаламайтын шығарсың?!» деп мийымды ағызып жіберді.

Айтпақшы, «Ақұдай көкем» дегенім артықтау. Өйткені ол бірыңғай орысша сөйледі. Орыс тілді маманға ұсыныс берген өзім екенмін. Қазір кейбір нәрсе есіме түспей тұр. Бірақ ана бәленің сөзі мені нокаутқа түсірді. Сосын ол тек WhatsApp арқылы звондап отырды. Бір минут телефонды қоюыма мүмкіндік берген жоқ.

Пәлен банкте күйеуімнің ақ тер, көк тер боп тапқан жалақысынан жырып жинағаным барды. Миллионнан әрі. Өзім декреттік демалыстамын. Айлық жоқ. Баланың жәрдемақысы тоқтаған. Аз-маз жоспар болған. Соған керек еді. Баламызды тоқсан сайын Ташкентке апарып жүрдік. Жүріп-тұруымызға, емге қажет ақша да соның ішінде. Соның бір тиынын да өзіме қалдырмады ғой бәтшағардың баласы!

Код па, сондай бірдеңе сұрау үшін әлгі банкке звондауым керек екен. «Сізге ешкім қысым көрсетіп отырған жоқ па, өз еркіңізбен алып жатсыз ба?» дегенде, «Иә» дегуім керек.

«Алаяқ банк қызметкерлерінің бірі болуы мүмкін» деп қорқытып қойғасын, робот болдым да қалдым. Пульт — «Ұлттық банк өкілінің» қолында. Түген банктен арнайы шот аштырып, депозитті нөл де нөл ғып соған аудартты. Түнгі он екіге дейін қайта ала алатыныма сендірді. «Сіз алаяқ емессіз бе?» деп қоямын өзіне.

Ең қызығы, плеймаркеттен бір-екі бағдарлама көшіртті. Айтуларына, банктегі алаяқты анықтау үшін полиция сол жерде біздің сөздерімізді тыңдап отыр. Адамның көзін Құдай байлап қояды екен ғой. Әйтпесе, дап-дардай адаммын. Журналиспін. Күнде мұндай жағдайды естіп, біліп отырмын. Кезінде жаздым да. Ал істеп отырған тірлігім мынау.

Әлгі сілімтік те, мен де кешке дейін телефоннан түспедік. Балаққа жармасып бала жүр. Уақытымен беретін тамақ, дәрі — бәрі жөніне қалған. Жылап жүрген оған қарайтын мен жоқ. Таңнан басталған процесс кешкі сағат беске дейін созылды. «Сіздің атыңыздан несиені рәсімдегелі жатыр» деп ана банктің бір, мына банктің бір, ана микронесие ұйымының бір, мына несиені ұйымының бір қосымшасын жүктеп, бәріне «отказ жасап», жауды қырғандаймыз.

Негізі, бұл әлі ұзауы мүмкін еді. Жұмыстан жолдасым кеп

қана тоқтады. Ол бір келеңсіздікті сезді. Әлгіге қайта звондағанда ол телефонды өшіріп үлгерген. Мендегі сезімді ешкім түсінбейді-ау, сіре. Жыладым, қарғадым. Өткен орала ма бірақ?!

Полицияға шағымдандым. Бірнеше мәрте шақыртты. Ұры ұсталмағасын, шығыным өтелмегесін не пайда?! Білетіндер мұндай қылмыстық істердің ашылуы қиын екенін айтты. Десе, дегендей. Жер жұтқыр неменің депозиттен алғаны аздай, менің атымнан бір микронесие ұйымынан 77 мың теңге, бір банктен миллион теңге несиені рәсімдегенін табанымнан тозып жүргенде білдім. Миллионды бірдеңе жылда 2,5 миллион етіп қайтаратын кесте жасатқан.

Ең сорақысы, мұның бәрін соның айтуымен өзім орындадым. Бүкіл құжатымды онлайн көрсете отырып, келген кодты жаза отырып, өзім құрттым.

Енді есептеңіз: 1 миллион 200 мыңға жуық + 1 миллион + 77 мың теңге. Дәңгелеткенде 2 миллион 280 мың теңгеге тақырға отырдым. Миллионды үстіне тағы 1,5 миллион қосып қайтарған жағдайда 3 миллион 780 мың теңгеге сойып түсті.

Бұл жағдайды төркін мен қайып жұртым ғана біледі. Өмір жасы ұзақ болғыр үлкендеріміз көптеп-көмектеп басты екі несиені дер уақытында жаптық. Әйтпесе, қиынның қиыны болар еді. Екі жақтан басқа ешкімге тіс жарған емеспін. Әлі солай жүре беруге болар еді. Бірақ «Алдап кетті», «Пәлен миллионынан айырылды» деген ақпаратты күнде естіген сайын есеңгіреп қаламын. Оқыған адам сабақ алса деймін. Кішкене өз-өзіме келгесін «Басымың садағасы» деп көнгендей болдым. Бірақ қолда бар жемді есектің астауына салып бергендей күйдемін.

Осы жерде ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының назарына мынаны саламын:

Біріншіден, онлайн несиені беруді тоқтатуға күш салсаңыздар! Өйткені мен сияқты қанша адамның опық жегенін білмеймін. Бірақ бұл сан қисапсыз екенін бағамдауға болады. Микронесие ұйымдарының қаптап кетуі осыдан емес пе?! Несиені алғысы келетін адам банкке барсын, поштымен көрсетсін. Адам құрасп қулақты оқысын, тәртібін құрасын, қолын қойсын. Соған ештеңесі кетпейді. Онлайн дегенің — оңай жем болудың төте жолы. Бұлай жалғаса берсе, шаңырақтар шайқалып, адамдар «аһ» ұра береді.

Екіншіден, несиені берерде адамның әлеуметтік статусы анықталуы тиіс! Декреттік демалыста болсам да, тиын таппайтын менің атыма қалай несиені рәсімделеді? «Оны қалай қайтарарды?» деп ойлайды сонда? Заңның солқылдақ тұстарын қайта қарау, өзгерту, түзету — қолда тұрған дүние. Шешілмейтін түйін жоқ. Тек ниет болса дейсің.

Сорлайтын — халық. Соны біліңіздер!

**P.S.** Өмірімде несиені алып көрмеген едім. Ол да бақыт екен!

**W(Назерке Санязованың Facebook парақшасынан алынды)**



# ТӘРБИЕНІҢ ТӨРЕСІ – ЕҢБЕК

**Тура жолдан тайып, қылмыс жасағандарды түзеудің, шектен шыққан тәртіп бұзушылықты ауыздықтаудың басқа тиімді жолын адамзат әлі ойлап тапқан жоқ. Қылмыстың өтеуі – жаза. Істі болып, жаза арқалаған жанның қоғамнан өз орнын табуға құқы бар. Темір торда тіршілік етіп, тәртібін түзегендердің жай-күйін білу үшін жақында Аршалы кентінде орналасқан №2 мемлекеттік мекемесіне бардық.**

Жазасын өтеп жатқандарды қоғам өміріне қайта тәрбиелейтін түзеу мекемесіне аяқ басудың өзі оңай емес. Астанадан Аршалыға бағыт алған көлікте сотталғандардың сұқты көзінен сақтану үшін оларға тіке қарамауды шештім. Бұл – менің ағаттық жіберіп қылмысқа қолы барған жандардың өмірімен танысуға алғаш аяқ басуым. Мұндағы адамдардың өмір тынысы өзгелерден ерекше. Қазір жабық мекемеде барлығы 10 жасақ бар. Оның ішінде 525 сотталған азамат жазасын өтеуде. Мекеме 630 адамға арналған.

Жүріп-тұруы қатаң ережеге бағынған темір торға кіру үшін бірнеше сатыдан өтесіз. Бізді алдымен тексеру тобы қарсы алды. Жеке мәліметтерімізді тіркеп, артық заттарды ішке алып кіруге болмайтынын ескертті. Қолымызға тек қажет деп тапқан нәрселерді ғана ұстап кірдік. Бүгінде түзеу мекемесінде сырттан кіретін азаматтардың жабық мекемеге тыйым салынған заттарды алып кірмеуі үшін арнайы рентген құрылғысы орналастырылған. Тексеру тобының кинолог-бақылаушысы Нұрмахан Айдаралиев бұл құрылғыны түзеу мекемесіне өткен жылы әкелгенін айтты. Негізінен темір-терсекті тексеретін құрал тіпті адамның ішкі ағзасындағы жасырын заттарды анықтауға қауқарлы.

Толық тексерістен өткен соң ғана біз түзеу мекемесінің ашық алаңына жол тарттық. Сотталған азаматтар отыратын бұл жерді басында басқаша елестетіңіз мүмкін. Дегенмен, аулада жерде жатқан бір қоқысты көрмейсіз. Үлкен ашық алаңның ор-

тасынан бұршігін жарған жас көшеттер мен биік ағаштарды көзіміз шалды. Мемлекеттік мекеменің толықтай тыныс-тіршілігімен бізді №2 түзеу мекемесі бастығының Жалпы сұрақтар және сотталғандардың жұмысы бойынша орынбасары, әділет подполковнигі Дулат Кангожинов таныстырды.

Түзеу мекемесінде сотталғандарды еңбекпен қамту жұмыстары жүйелі жолға қойылған. Осы бағытта «Еңбек» шаруашылық жүргізу қысқасындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны тарапынан бізде бірнеше жұмыс түрлері ашылды. Негізінен, сотталғандар наубайханада, тігін және аяқ киім цехында еңбек етеді. Сондай-ақ жеке кәсіпкерлер де біздің мемлекеттік мекемеде арнайы жұмыс орнын ашып, сотталғандарға еңбекақы төлеп отыр, – дейді мекеме бастығының орынбасары.

Бүгінде түзеу мекемесінде 210 сотталған еңбекке араласып, өз жалақысын алуда. Жұмыс түрін қызығушылығына сәйкес өздері таңдамақ. Олардың көпшілігі ағаш шебері, дәнекерлеуші, аяқ киім шебері сынды қолынан келетін кәсібін қарай еңбек етеді. Сотталғандардың жұмысын көру үшін біз алдымен наубайханаға бас сұқтық. Мекемені толықтай нанмен қамтуға атсалысқан сотталғандардың еңбегін көріп, көз қуанды. Дүкен сөресінде тұрған нандардан еш кем түспейтін бөлке нандардың иісі мұрынды жарады.

Қазір мұнда төрт сотталған жұмыс істейді. Күніне 400-ге жуық нан дайындап шығарады. Бұл мекемені толықтай нанмен қамтамасыз етуге жетеді. Сондай-ақ наубайханадағы нанды Аршалы кентіне дайындауға сұраныс түсуде, – дейді Дулат Кангожинов.

Наубайханадағы жұмыстың қыр-сырын білетін жазасын өтеуші Ержан бізге нанды қалай пісіретінін түсіндірді. Бостандыққа шығуына аз уақыт қалған ол бүгінде нан пісіруді кәсібін айналырған. Ержаннан басқа мұнда тағы екі наубайханашы және от жағушы бар.

– Жұмысқа таңғы бесте келеміз.

**Сүйкім АЯПБЕРГЕНҚЫЗЫ, Суреттерді түсірген Медет ӘШІРБЕК (Сотталғандардың аты-жөні өзгертілген)**

матаға компьютермен теру арқылы енгізуге болатын жаңа құрылғы әкелінген.

– Дәл қазір тігін цехында сот-



талғандар матрас, нысанды киімдер тігуде. Мұнда тоғыз адам жұмыс істейді. Сотталған азаматтар жасаған еңбегі үшін тиісті жалақысын алады. Еңбекақының көлемі олар-

тоғызда келсе, кешкі сағат жетіде жасақтарына оралады. Ал сенбі, жексенбі күндері демалады. Еңбегінің жемісін көрген сотталған азаматтардың құқығы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сай қорғалады.

Тігін цехында матрас дайындап тұрған Олег есімді сотталған азаматқа көзіміз түсті. Қолына инесін сабақтап, жібін матаға өткізген одан жалақысын қайда жұмсайтынын сұрадық.

– Бұл матрасы тігін, дайындап жатқанымызға үш күн болды. Жұмыс қиын емес. Алған еңбекақымды мен өз туыстарыма жіберемін. Солай

– бостандыққа шығуыма екі жыл он бір ай уақыт қалды. Отбасымды, әсіресе, балаларымды қатты сағындым. Төрт балам бар. Оларды күн сайын ойлап жүремін, – дейді Сергей мұңайып.

Сергейді жасақ бастығы өз кабинетінде жеке қабылдауға шақырды. Бұл сотталғандармен жүргізілетін тәрбие жұмысы болып саналады. Сондай-ақ түзеу мекемесінде қоры мол кітапхана орналасқан. Әр атаулы күндерде жазалылар акт залында өнер көрсетіп, мәдени іс-шаралардың өтуіне қолғабыс етеді. Түзеу мекемесі бастығының орынбасары Дулат Кангожинов жазасын өтеу-

ларға көмектесемін. Қалған артық ақшаға осы мекемеде орналасқан дүкеннен өзімізге қажет заттарды сатып аламыз. Шәй, кәмпит аламын, – дейді жазасын өтеуші.

Қылмысқа барғандардың жатын орындарымен танысу үшін түзеу мекемесінің екінші жасағына бағытымызды бұрдық. Қарауында 96 сотталған азамат бар жасақ бастығы Қазыбек Қайырбеков бізді жұмысымен таныстырды. Әділет капитаны Қазыбекпен бірге жазасын өтеушілердің жатын орнын араладық. Біз барған алғашқы корпусты 12 адам жатады. Олар жататын

шілдердің құқығы қашан да қорғалатынын жеткізді. Оған дәлел – мекемеде орналасқан терминал құрылғылары.

– Белгілі бір мерзімі өткендер өз өтінішін мемлекеттік органдарға осы электронды терминал арқылы жеткізеді. Бұл – Қылмыстық-атқару жүйесіндегі модернизациялаудың маңызды бағыттарының бірі. Жазасын өтеушілердің талап-тілегіне назардың аударылуы – құқықтық мемлекеттің айқын белгісі, – дейді ол.

Одан бөлек түзеу мекемесінде 900-ден аса бейнебақылау камерасы орнатылған. Олардың көпшілігі



және от жағушы бар.

– Жұмысқа таңғы бесте келеміз.

Кейін нан пісіруге дайындаламыз. Әр қалыпқа өлшеп қамыр саламыз. Бізде дайындалатын нанның көлемі бір келіні құрайды. Нан иленіп, көтерілген соң пешке саламыз. Нанды күн сайын пісіреміз, – дейді сотталған азамат.

Жазалылардың жасап шығарған өнімдерін көзбен көру үшін одан әрі жабық мекемедегі жұмыс орындарын араладық. Мекеме бастығының орынбасары бізді тігін цехына ертіп апарды. Мұнда жақында ою-өрнекті

дың атқарған жұмысына сай есептеледі. Кейбіреуі тұрақты жалақыға жұмыс істейді. Ақша олардың шоттарына түседі. Ал әрі қарай оны қайда жұмсайтынын олар өздері шешеді, – дейді №2 мемлекеттік мекеме бастығының Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, әділет майоры Самат Қалдыбаев.

Мұндағы жұмыс уақыты қоғамда қалыптасқан күн тәртібіне сәйкес сегіз сағатты құрайды. Жазасын өтеушілер жұмысқа таңертең сағат



кереуеттің әр бұрышында аты-жөндері жазылған. Әр кереуеттің жанында өзіне қажет деп тапқан жеке заттарын немесе кітаптарын салып қоятын шағын жеке шкаптар орналасқан.

– Менің жұмысым таңертеңгі сағат 08.30-да басталады. Сол уақытта өз жасағымдағы сотталғандарды тексеріске алып шығамын. Кейін жұмыс істейтін сотталғандарды жұмыс орындарына апарамыз. Түске жақын мекеме аумағын абаттандыру жұмыстары жүргізіледі. Біздің негізгі міндетіміз – тәрбие іс-шараларын жүргізу. Жазасын өтеуші азаматтардың жағдайын білу үшін жеке қабылдаймын, – дейді Қазыбек өз қызметі жайында.

Көп уақытын түзеу мекемесінде өткізетін екінші жасақтағы жазасын өтеуші Сергей адам өлтіргені үшін 12 жылға бас бостандығынан айырылған. Бірақ Сергейдің көзінен ертеңгі күнге деген үміт пен сенімді байқадық.

онлайн-трансляция арқылы жұмыс істейді.

Әрі қарай жазасын өтеушілердің туыстарымен қарым-қатынас жасауына қандай жағдай жасалғанын білу үшін мекемедегі арнайы бөлімге бас сұқтық. «Туыстарымен жақын байланысты үзбесін, араларын салқындатып алмасын» деген ұстаныммен сотталғандарға үйлеріне қоңырау шалып, белгіленген уақытта қысқа, ұзақ мерзімдік кездесулер өткізуге жол ашылған. Жалпы, жеңілдетілген режимдегі сотталғандар жылына төрт рет ұзақ мерзімді, төрт рет қысқа мерзімді түрде жақындарымен кездесе алады.

Қылмысқа барып, жаза басқандар жазасын қалмауы қажет. Алайда олардың еңбекке араласуы ойын сергітіп, өмірге деген көзқарасын өзгертетіндей. Аршалыға барған сапарымыздан жазалы жандарға қарап, түйгеніміз осы болды.





## МАМАНДЫҒЫ – МАҚТАНЫШЫ

## Ордабасы аудандық полиция бөлімінің аға криминалисі Іңкәр Рашидқызы:

# «БАҚЫТ БАЛАЛЫ ҮЙГЕ ҚОНАДЫ»

**Еліміздің оңтүстігінде орналасқан киелі өңір – Түркістан облысына қарасты Ордабасы ауданының полициясында бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен қоғам тыныштығын қасқайып күзетіп жүрген көп балалы ана қызмет етеді.**

Ақмарал МАХАМБЕТӘЛІ

Олай болса, оқырман қауымға білек пен жүректі қатар қажет ететін құқық қорғау саласындағы шенді ананың өмір жолын баяндап көрелік.

Ордабасы аудандық полиция

назардан тыс қалдырған емеспін, – дейді полиция майоры.

Балаларын бар байлыққа санайтын сақшы перзенттерінің жарқын болашағы үшін оларға адал қызмет-



бөлімінің аға криминалисі Іңкәр Рашидқызы 1990 жылы ақ ұлпа қарымен ерекшеленетін қыс мезгілінде дүниеге келген. Көп балалы отбасынан шыққан Іңкәр бала кезден полиция қызметкері болуды арман еткен. Аяулы арманын мақсатқа айналдырған қайсар қыз 2008 жылы анасының қолдауымен ҚР ИІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясына оқуға түсіп, оны 2012 жылы тамамдайды.

Содан академиядағы төрт жылдық оқуды ойдағыдай тамамдаған ару Ордабасы аудандық полиция бөліміне қызметке тұрған. Қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жүрген күндердің бірінде өмірлік жарын кездестіріп, қаймағы бұзылмаған әулеттің ибалы келіні атанды. Жолдасымен қол ұстасып, жаңа өмірге қадам басқалы бері ата-енесінің алғысына бөленіп келеді. Айрандай

кердің нағыз үлгісін көрсетіп келеді. – Бақыт балалы үйге қонады. Адам ретінде де, сақшы ретінде де қызметке адал болып, перзенттерімізге жақсы үлгі көрсетіп, дұрыс тәлім-тәрбие бере алсақ, ата-ана ретінде өмірдегі теңдессіз жеңісіміз сол болмақ, – дейді Іңкәр Рашидқызы.

Антқа адал болуды кәсіби парызы санайтын Іңкәрдің полиция қызметінде 10 жылдан астам тәжірибесі бар. Әріптестері нәзік жанның қос міндетін қатар алып жүргеніне тамсанады, мақтан етеді. Асқан төзімділік пен мұқияттылықты талап ететін криминалистика саласына Іңкәрдай жауапты маман қашан да керек. Себебі, криминалистика – полициядағы ең маңызды сала. Тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтап, қайсарлық пен батылдық танытуды міндет ететін бұл маман-



ұйыған шаңырақта жеті баланы дүниеге әкелді. «Алтын алқа» иегері атанды. Іңкәр жұмыста қатал қызметкер болғанымен, үйінде мейірімді ана. Екі рет егіздерді дүниеге әкелген батыр анаға қызығып, үлгі ететін жандардың қатары көп.

– «Асқақ арманым адастырмады» деп нық сеніммен айта аламын. Ордабасыға өзім мақсат еткен қызметпен келдім, еңбек жолын бастадым. Жолдасымды кездестірдім. Бүгінде жұмысыма да, отбасыма да көңіл бөлуге үлгеріп жүрмін. Осы орайда жолдасымның қолдауын айтап кету мүмкін емес. Иә, қызметтің жүгі ауыр, жауапкершілігі зор. Десе де, бұл маған босаңсуға себеп емес. Үйде ана болсам, сыртта сақшымын. Міндетімді ешқашан

дыққа екінің бірі келе бермейді. Қылмысты ашып, күдіктілерді анықтау, оқиға орнынан алынған айғақ заттар арқылы мән-жайдың ақ-қарасын ажыратумен айналысатын криминалистің титтей де қателік жіберуге құқы жоқ.

– Кез келген қылмысты тергеу жұмыстарын криминалистің көмегісіз елестету мүмкін емес. Қызмет қиындық пен қызыққа толы. Бұл салаға қызығушылық, ішкі қалау, ізденіс болмаса, істей алмайсың. Қанатынан айырылған құстай бір орында қалып қоясың. Осындай айтулы салада сапалы қызмет етіп келе жатқанымды мақтан тұтамын. Елге адал, қамқор болу, керек сәтте көмек көрсете алу – адамдық парызым, – дейді Іңкәр.

# ЕСКІДЕН ТАМЫР ТАРТҚАН ПОЛИЦИЯ ТАРИХЫ

Елеужан СЕРІМОВ,  
заң ғылымдарының  
кандидаты, запастағы  
полиция полковнигі

Қазақстанның кәсіби полиция органдарының жүйесі Ресей империясы тұсында қаланды. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Ресей империясы отарлау саясатын іске асырғаны белгілі. Сол тұстағы мемлекеттік-құқықтық басқару сипатына қарай Қазақ Ордасы Ресей колониясы болды. Әскери әрі азаматтық билік Ресейдің ең жоғары органы саналатын Әскери министрлігіне қарайтын генерал-губернатордың қолында болды. Ол әскербасшы ғана емес, полиция органдарын да басқарды, ол үшін учаскелік басшыларды тағайындап отырды.

Ресеймен шекаралас аудандарда сот өндірісі тәртібін реттейтін II Екатерина Жарлығы да осы уақытқа тән. 1784 жылғы 2 мамырда II Екатерина «Орынбордағы шекаралық сотты бекіту, Кіші Ордадағы құқықты қамтамасыз ету туралы» Уфа және Сібір генерал-губернаторының Жарлығы жарияланды. Қылмыстық істерді талдау бойынша аталған шекаралық сот Ресей империясының заңдары бойынша жүзеге асырылуы тиіс болды.

I Александр 1806 жылғы 31 мамырда «Хандық билік» ережесін бекітті. Бұл ережелер бойынша сотқа түскен барлық материалдар тіркелді және жасалған қылмыстың күрделілігіне байланысты сотқа жіберілді. Қазақтардың арасында туындаған шағымдар, талап-арыздар, азаматтық даулар хандық кеңестерде қарастырылды, адам өлтіргендер, тонаушылықпен айналысқан қылмыскерлерді заңдық тұрғыда жазалау үшін Орынбор шекаралық комиссиясына ұсынылды.

Сонымен қатар Қазақ Ордасының аумағында қылмыстық және азаматтық сот өндірісінің тәртібін

ету кезеңіндегі батыс Еуропаның бұрынғы қатаң процесіне тәуелді болды және оның қолдаушылары арқылы толықтырылып, дамып отырды. Негізгі заңдық ережелер 1832 жылы жарияланған Ресей Империясының заңдар жиынтығының негізінде жасалды және қылмыстық істер әскери сотпен айқындалып отырды.

Ресей империясына қазақ жерінің тұтастығына негіз болған билердің соттық жүйесі, әдет-ғұрып құқығы мен «Жосық», «Жарғы» заңдар жүйесі үлкен кедергі болған. Сол себепті де патшалық үкімет бұратана халықты еркін билеу мақсатында әкімшілік-аумақтық реформалар мен басқару жүйесіндегі өзгеріс ретінде далалық халық судьяларының билер съезін құрған. Бұл жайт билер сотын ұйымдастыру, қалыптасу және қызмет атқару жағынан күрделі өзгерістерге ұшыратты. Ресей империясы «Сібір қазақтарын басқару» ережесін (1822ж.) және «Орынбор қазақтарын басқару» ережесін (1824ж.) шығарды. Сібір қазақтары деп отырғаны орта жүз, Орынбор қазақтары деп отырғаны кіші жүз еді. Бірақ бұлар қазақ елін әлсірету, орыстың отаршылдық үстемдігін орнату мақсатында ғана жасалған өзгерістер еді. Бұл өзгерістер 1867-1868 жылдары басқару реформаларында көрініс тапты.

Қылмыс бойынша заңдар өндірісінің жиынтығы – тергеу, сот және оны орындау деп үш буынға бөлінді. Сот адамның қылмысын ашу, қылмыскерді айыптау сияқты қызмет түрлерін, ал тергеу мен орындау полицияның қарамағына берілді. Сотқа дейінгі өндіріс полицияның қолында болды, ол алдын ала және жалған болып ажырады.



анықтайтын бірнеше заң қабылданды. 1822 жылғы 22 шілдеде «Бұратана, жат халықтарды басқару туралы» Жарлық қабылданды. Бұл Жарлыққа сәйкес құқықтық сот немесе сот төрелігі дала заңдары, дала заңдарының дәстүрі бойынша патшаның Жарлығы мен ережесі түрінде іске асырылды. Ресей Империясының заңы бойынша сотқа қылмыс жасаған адамдар жіберілді. Ашынған, қасақана адам өлтірген, жалған монета, тиын жасаған, қазынаның және қоғамдық мүлікті ұрлаған адамдар сотқа тоғытылды. «Бұратана, жат халықтарды басқару туралы» Жарлықтың 36-37 параграфына сәйкес құпиялы, жасырын түрде ұрлау сияқты қалған барлық істер азаматтық талап-арыздар істері болып табылды және қылмысты қазақ жасаса, билер сотымен қарастырылды.

Ал орыстың қылмыстық сот өндірісінің жүйесі I Петрдің патшалық

1837 жылғы 3 қарашада қылмыстық заңдар жиынтығының 168-бабының 1-тармағына «Үкіметпен бекітілген заңдарға бағынбаған, тонау жасаған, адам өлтірген, барымтамен айналысқан, сатқындық жасаған, шекарадан тыс көшіп-қонып жүрген қырғыздар әскери сотпен соттасты» деген қосымшалар енгізілді.

1864 жылдың 20 қарашасында Ресей империясының қылмыстық сот өндірісінің Жарғысы және Ресей мемлекетінде қылмыстық сот ісін реттейтін әртүрлі құқықтық актілер қабылданды. 1868 жылы 21 қазанда «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарында басқару туралы» уақытша ереже күшіне енді. Осы ереже бойынша қазақтар империяның жалпы заңдары негізінде сот жасаған іс-әрекетінің ауырлығына байланысты халық соты – халықтың әдет-ғұрып бойынша соттады. Қазақтар жасаған қылмыстар

негізінен әскери соттың қарауына жатады.

Ресей империясының қылмыстық сот өндірісін жүргізудің 1864 жылғы Жарғысы бойынша 1917 жылғы революцияға дейінгі қылмыстық процесс тергеуді жүзеге асыратын органдардың айырмашылықтарын негізге алды: анықтау органдары соттан тыс, алдын ала тергеу органдары сот органы ретінде қарастырылды.

Осылайша біздің республикамыздағы сотқа дейінгі өндірістің жүйесі қылмыс жасаған адамды жазалауға байланысты тергеу жүргізу бойынша өкілетті органдардың қызметін реттейтін Ресей заңнамасының негізінде жасалды. Бұл – отандық полиция дамуының бірінші кезеңіне қатысты тарих.

Екінші бір кезең Алашорда үкіметінің құрылуымен тікелей байланысып жатыр. (Қараңыз: Е.Серімов. Отандық полиция тарихы қай кезеңнен бастау алады? Saqshy газеті, № 10, 13 наурыз 2024 жыл).

1917 жылғы 5-13 желтоқсан аралығында Алашорда үкіметі құрылған Екінші Жалпықазақ съезінде «Халықтық милиция» құру мәселесі бойынша тиісті қаулы қабылданды. Онда халықтық милицияны құруды тоқтаусыз іске асыру, жасақтау, қаржылық, ұйымдастыру шараларын жүргізу, әр облысқа шаққандағы санын белгілеу сияқты мәселелер өз шешімін тапты. Нақтылай айтқанда, Қазақ милициясы мәселесіне ерекше мәртебе берілді. Қазақ милициясының бірінші басшысы Қазі Торсанов болды. Ол туралы мәліметтер мардым-



Гүлнәр ЖАПАРҒАЛИҚЫЗЫ

ЖАУЫЗ

2010 жылғы қыркүйектің соңғы күндері кемпіршауқтанып, маужырап тұр еді. Кенет мөп-мөлдiр аспан төрiне атойлап шыққан алақандай бұлт ескi қаланың шет жағын ала орналасқан зираттың төбесiне төнiп келдi де, сiркiретiп өте шықты. Көздерiне нала тұнған, тұнжыраған жүздерiн жас жуған бiр топ адам қатар-қатар жатқан үш төмпешiктi айналшықтап бiраз тұрды да, керi жиналды. Тек бұрыннан тұрған молалардың тас қоршауына соғылып, тырс-тырс еткен тамшылар осы бiр жұмбақ мекенде мәңгiлiкке қалып барып жатқан Сергей мен Таяның жоқтауын жалғастыра бердi. Көп ұзамай екi жастың да және Таяның анасы Надежданың да басына сүреттерi салынған сұп-сұр тастар қойылып, томпиып жатқан төмпешiктер қап-қара темiрмен қоршалды. Бiр-бiрiнен аумаитын темiр қоршаудың iшiнде жатқан адамдардың тағдыры да бiр-бiрiнен аумаитын. Ажалдары да солай ұқсас болды...

Осы бiр көздерiнде от ойнаған сұп-сүйкiмдi қыз Сергейдiң жүрегiн тез жаулап алды. Қашан көрсед, жүзiне жып-жылы күлкi үйiрiлiп жүретiн Таяның мiнезi ашық едi. Бойжеткеннiң осы бiр ақжүректiлiгiне сәмбi талдай солқылдаған тұлғасы қосылғанда қандай бозбаланың болмасын, есi кетерi анық. Әкесiз өскен Тая оқу бiтiрiп, ақша таба бастаған соң-ақ бұрынғы қоңыр-төбел тұрмыстары бiртiндеп жақсара бердi. Оның үстiне көршiлес елдерден тауар тасып, оны дүкенге шығаратын анасы да ақшаға өте ұқыпты едi. Содан болар, екеуi тiрнектеп бiраз ақша жинап, қорлана бастады. Тая өзiнiң махаббаттан да жолы болып келе жатқаны үшiн Тәңiрiне мың мәрте сыйынып, бiр күн көрмесе тұра алмайтын Сергейдiң өзiне деген ып-ыстық сезiмiн сезiнген сайын бақыттан басы айналып жүретiн. Тек соңғы кезде анасының жалғалған дүңгiршегiнде сатушы болып iстейтiн Аняның азаматтық некедегi күйеуi Даниел өзiн көрген жерде көзi күлiмдеп, орынды-орынсыз қалжыңдап, ретi келсе сүйкенiп қалуға тырысушы едi. Осы бiр көзi жалт-жұлт еткен түсi бөтен жiгiттi сұқаны сүйемiтiн. Естуiнше, Аняның ағасымен бiрге бiраз жылын темiр тордың ар жағында өткiзiп келiптi. Не үшiн сотталғанын Аня да тiс жарып айтпайды. Анда-мында өзiнiң Даниелге ғашық болғаны соншалықты, оның өткен өмiрiне көзiн жұма қарайтынын айтып қалушы едi. Өзiн көрген жерде көзi ойнақшып кететiн жiгiттiң ерси қылығы туралы Тая бiрде сүйген жiгiттi Сергейге сыр етiп айтқан-ды.

\*\*\*

Түстен кейiн бiраз бос уақыты болған соң Сергей күндегi әдетiнше Таяға қоңырау шалды. Әдетте, ұялы телефонын жанынан тастамайтын Тая алуға үлгермей жатса, артынша iле-шала өзi қоңырау шалатын. Бұл жолы қанша қоңыраулатса да, жауап болмады. «Бұлай болуы мүмкiн емес» деген ой мазалаған Сергей дереу жан досы Мадиярға хабарласты. Көршi тұратын екеуi Сергейдiң жеңiл көлiгiне отыра салды да, Таяның үйiне қарай құстай ұшты. Жолай Сергей досына соңғы кезде Таяның соңынан Даниел деген бiреудiң қалмай жүргенiн де жайып салды. Бiрақ Таяның махаббат деген киелi сезiмдi таптайтын ақымақ қыз емес екенiн айтып, Мадиярға мақтанып та алды. Таяның есiгiне келiп, қоңырауды безiлдете бастағаны сол едi, есiк айқара ашылды да ар жағынан солаң етiп Даниел шыға келдi. Өз көздерiне өздерi сенбеген екi жiгiттiң iшке ентелей енгенiн бағып тұрған әкiсi немесi есiктiң кiлтiн сырт еткiздi де, кiлттi суырып алды. «Сен мұнда неғып жүрсiң?» деген сауалдың аяғын күтпестен Даниел екi жiгiттi кезек-кезек атып салды. Қапелiмде не болғанын түсiнбей қалған жiгiттер еденге гүрс-гүрс құлап түстi, тек көз алды тұманданып бара жатқан Сергей төргi бөлмеден шыққан Таяның ыңырсыған дауысын естiп жатты. Екi жiгiттiң де бiрден жантәсiлiм етпегенiн көрген жендет ендi оларға оқ шығындағысы келмедi ме, шалажансар Мадиярды дәретханаға сүйiреп апарып, есiгiн нығыздап жауып тұрды да, аз-кем ойланып, басынан тағы бiр рет атты. Ал дәлiздiң дәл ортасында қимылсыз жатқан Сергейдi қонақ бөлмеге сүйiреп әкеле жатып, оның да әлi жаны бар екенiне ызаланған қанiшер iргеде жатқан ұялы телефонды зарядтайтын сыммен қыл тамағынан буындыра бастады. Бiрақ қанша жерден жаралы болса да, ұзын бойлы қуатты жiгiтке шамасы бiрде келiп, бiрде келмей жатқан соң оның екi қолын артына қарай қайырып байлады да, тағы да қылқындыра түстi. Қор-қор еткен дыбыс шыққан соң ғана оның өлгенiне көзi жеттi де, ендi жатын бөлмеде ауыр соққыдан ендi ес жинаған Таяны сүйiреп, дәлiзге алып шықты да «Ақшаның қайда екенiн көрсет!» деп желкеледi. Басы бұлғақтаған бойжеткеннiң аузы «Бiзде ақша жоқ, тек алтындарды ала бер» деген бiр-екi ауыз сөзге ғана келдi. Бiрақ көкейiн көп ақша тескен Даниел қайткенде тығулы ақшаны табу үшiн мына бойжеткеннiң есiн жиғызу керек деп ойлады да, оны жуынатын бөлмеге кiргiзiп, «Ендi армансыз душ қабылда!» деп өзi дәлiзге қайта шықты.

Көзi қанталаған жендет ендi Таяның анасы Вераның келуiн күтiп, есiктiң көзгелдегiнен сығалағаны сол едi, тас едендi тық-тық еткiзiп келе жатқан аяқ дыбысын естiп, есiктiң артқы жағына жасырына қалды. Күткенiндей-ақ, сыртқы есiктi өз кiлтiмен ашып кiрген әйел жан-жағына қарап үлгергенше бұл ту сыртынан бас салды да, шыңғыруға шамасын келтiрмей, тұншықтыра бастады. Қорқыныштан көзi айналып кеткен байғұс әйелдi дедектетiп жүрiп, ақша iздедi. Вера ас үйдегi ыдыс жуатын раковинаның шкафына тыққан бiр бума ақшаны алып шыққанда ғана көңiлi жайланған жендет жан-жағына қоқилана қарап, целлофан орамды қалтасына сүңгiтiп жiбердi. Ол үйдегi бар алтынды да уыс-уыс қылып, iшкi қалтасына салып алып едi. Сол кезде сыртқы есiктi дүрсiлдеткен адамдардың шуылын естiп, есi шығып кеттi. Санасын «Құрыған жерiм осы екен ғой!» деген ой сiлкiлеген Даниелдiң есiне әлгiнде өзi жуынатын бөлмеге кiргiзiп жiберген Тая түстi. Суық судан аздап есiн жинаған оның қолына дереу ұялы телефонын бердi де, туыстарына ««Мадияр мен Сергей төбелесiп, екеуiн де 3-шi полиция бөлiмiне алып кеттi, мен де сол жердеменi. Полиция екеуiнiң де ата-анасын шақырып жатыр» деп айт!» деп дiкектедi. Қанiшердiң айтқанын iстемесе, ажалы содан боларын бiлiп тұрған бойжеткен оның айтқанын бұлжытпай орындады. Сол-ақ екен сырттағы шу кiлт тыйылды да, дәлiзде тыныштық орнады. Тек бiраздан соң терезе перденiң жабығынан сығалап қарап едi, у-шу болып көлiкке мiнiп жатқан бiраз адамды көрiп, көңiлi орнықты. Ендiгi ойы – мына қан сасыған жерден қалай да басын аман алып шығып, қашып кету едi. Шалбарының қалтасындағы қомақты ақшаны сыртынан сипап тұрды да, оқиға орнында көзi тiрi куә қалдырмау үшiн қызы мен анасын тағы да атты. Онсыз да жаңа ораулы

ақшаны берiп жатқанда басынан тиген ауыр соққыдан есi ауып қалған Вера бiрiншi оқтан-ақ жантәсiлiм еттi. Таяны да өлдiге санаған қаныпезер жайлап сыртқы есiктi ашты да, жылыстап шыға бердi.

\*\*\*

Бұл кезде улап-шулап қаланың бiр шетiндегi полиция бөлiмiне келген Сергей мен Мадиярдың туысқандары полиция қызметкерлерiнен мұнда ондай адамдардың жоқ екенiн естiгенде аң-таң болды. Не болса да бiр сұмдықтың болғанын iштерi сезген олар қайтадан үйге қарай асықты. Не болса да есiктi бұзып кiруге бекiнген олар көп қабатты үйдiң кiреберiс есiгiне ентелеп жеткенде, жоғарғы қабаттағы Таяның пәтерiнен қаны сорғалап шығып келе жатқан Мадиярды көргенде естерiнен танып қала жаздады. Бет-аузын қып-қызыл қан жуған Мадиярдың аузы «Жоғарыда маньяк бар, бәрiн қырып салды, Грек» деген үш сөзге әрең келдi де, есiнен танып қалды.

\*\*\*

Оқиға орнына санаулы минуттарда жеткен Тараз қалалық iшкi iстер департаментi қызметкерлерiнiң өзi мынандай жауыздықты көргенде жағаларын ұстады. Бiрақ Мадиярдың айтуы бойынша, «Грек» деген лақап аты бар Даниелдi ұстау қиынға түскен жоқ. Тараз қаласында қанды қасап жасаған жауыз Шымкент қаласында қолға түстi. Мына тiршiлiк деген теңiзде қалтқұлт еткен кемедей күн кешiп жүрген ана мен баланың жақсылыққа деп жинаған бар ақшасын жауыз неме түнгi көбелектерге жұмсапты. Кеше ғана жазықсыз жандардың ақ адал ақшасына алынған алтындарды көлденең көк аттыларға аямай үлестiрiптi. Бiрнеше адамды қолы қалтырмай жер жастандырған қандыбалақ қылмыскердiң өткен өмiрi де жауыздыққа толы екен. 2003 жылы Тараз қаласында кәметтiк жасқа толмаған ұл баланы зорлағаны үшiн тоғыз жылға бас бостандығынан айырылған ол жа-

засын Шымкент қаласында өтептi. Бiрақ кесiктi жазасын өтеп бiтуге 2 жыл 10 ай қалғанда оны түзеу мекемесi берген құжаттарға сүйенiп, Шымкент қаласының соты мерзiмiнен бұрын шартты жазаға босатады. Бостандықта өзiн құшақ жайып қарсы алатын ешкiм жоқ екенiн жақсы бiлетiн ол еркiндiкке шыққан соң кiмдi паналарын да алдын ала ойластырып қойып едi. Өзiмен бiрге түрмеде отырған Олегтiң қарындасы Анямен хат арқылы танысқан Спартак белгiсiз бойжеткенге «жүректен шыққан» жылы сөздерiн аямайтын. «Әйелдердiң осал жерi – құлағы» дейтiн тәмсiлдi жақсы бiлетiн жауыз Аняға апта құрғатпай, махаббатқа толы хаттар жазуды әдетке айналдырып алғандай. Қылмысы ауыр болса да, ебiн тауып мерзiмiнен бұрын шартты жазаға босап шығысымен, салып-ұрып Аняға келдi. Тар қапаста ағасына жолдас болған әрi, қасы-көзi қиылған сымбатты жiгiтке темiр тордың ар жағында жүргенде-ақ есi кеткен бойжеткен оның иенiң көзiнен өтетiндей жұмсақ мiнезiне тiптен құлап түстi. Сөйтiп оны қолына кiргiзiп алды да, емiн-еркiн өмiр сүре бастады. Жүрегiн жаулап алған ыстық сезiмнiң әсерi ме екен, Аня тiптен оның жұмыс iстемейтiнiне де, тiптен жұмыс iстеуге деген ұмтылысының жоқ екенiне де көз жұма қарады. Өзiнiң таңертеннен қара кешке дейiн дүкенде тұрып татын ақшасы екеуiнiң iшiп-жемiне молынан жететiн. Осыны малданған Даниел Аняның жұмыс орнына барғыштап жүрiп, Таяны көредi. Бiрақ Аня сияқты емес, тұмысынан ұстамды Тая осы бiр жылпылдаған жiгiттi жақтыра қоймады. Ал сол күнi ажалына көрiндi ме, есiктi тез-ақ ашып жiбергенi... Ондағысы «Көзтаныс жiгiт бiр шұғыл шаруамен жұр ме екен?» деген ой едi ғой.

\*\*\*

Қолын қанға аямай былғаған қанiшер ұсталған кезде қылмысын мойындай отырып, «Мен адам өлтiрейiн деген жоқпын. Мен түрмеде отырғанда картадан ұтылып, жақтастарыма көп көлемде ақша қарыз болдым. «Сол ақшаны төлеуiң керек» деп Азамат деген жiгiт жетелеп

жүрiп, осындай қылмысқа итермеледi» деп зарлады. Бiрақ қандықол қасапшының өзiнiң басын арашалау үшiн ойлап тапқан дәлбасасы заң орындарының адамдарын иландыра алған жоқ. Тiптен ол «Карта ойынының сертiн орындау – жiгiтке сын» екенiн мақтаншып қайталай бердi. Бiрақ бәрi кеш едi...

\*\*\*

Осы қанды оқиға барысымен танысқан адамдар «Қырық жыл қырғын болса да, тек ажалды ғана өледi» деген сөздiң растығын мойындайтын шығар. Оған себеп – бiр керемет тылсын күштiң әсерiмен аман қалған Мадияр. Басына және iшiне тиген оқ жанды жерлерiн жанай өткен жас жiгiт ажал аузынан аман қалды. Өкiнiшке орай, тәртiп сақшылары жеткенде ес-түсiн бiлмесе де кеудесiнде жаны бар Тая аурухананың жансақтау бөлiмiнде жан тапсырды. Қазiр ол қапыда қаза тапқан екi ғашық Татьяна мен Сергейдiң басына жиi барып, құлпытаста көздерi мөлдiрiп тұрған достарының жансыз бейнесiмен үнсiз тiлдеседi. Кейде қатар жатқан үш моланың жанында тұрып, сол бiр аты өшкiр азапты күндегi оқиғаны еске түсiредi. Сол кезде құлағына Сергей досының қиналып жан тапсырардағы қорылы мен Таяның «Алтын-дардың бәрiн ал, тек жiгiттердi өлтiрмешi» деген жалынышты дауысы келедi. Ол дүние мен бұл дүниенiң ортасында жатқан кездегi достарының дауысы санасында жаңғырып, қайғыдан қан жұтқан жүрегiн ұстап, бейiт басынан жалғыз қайтады. Кейде бiр жайсыз түс көрiп, оянып кететiн сияқты, содан соң бала кезден бiрге өскен Сергейдiң үйлену тойын тойлайтын сияқты сезiнедi өзiн.

Үш адамды бiрдей жайратып салған қанiшер Даниел Климов өмiр бойы бас бостандығынан айыру жазасына кесiлдi.

**(Белгiлi себептермен адамдардың аты-жөнi өзгертiлiп алынды)**







## ТӨЗІМДІ ТІРЕК ҚЫЛҒАН ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫ

**Қазіргі таңда Солтүстік Қазақстан облысы полиция департаментінде 289 учаскелік инспектор штаты бар. Сонымен қатар 65 учаскелік инспектордың көмекшісі жұмыс істейді.**

Петропавл қаласында алты стационарлық бекет бар. Ол жерде қызметкерлер күндіз-түні қала тұрғындарының тыныштығын күзетеді. Кез келген азамат тәуліктің қай уақыты болсын, осы стационарлық бекеттерге арыз-шағымдарымен жүгіне алады. Сонымен қатар облыс бойынша сегіз учаскелік полиция пункті бар. Олардың алтауы үй-жаймен

біріктірілген. Яғни учаскелік полиция инспекторы отбасымен бірге тұрады. Сонымен қатар тұрғын үйлердің, дүкендерде полиция инспекторларының телефон нөмірлері көрсетілген ақпараттық парақтар жапсырылған.

Ішкі істер органдарының «отымен кіріп, күлімен шығып» жүрген учаскелік инспекторлар осы саланың ауыр жүгін арқалаған қара


нары секілді. Өйткені, олар өз қарамағындағы үйде не болып жатқанынан, кімдер мекендейтінін, қарапайым сөзбен айтқанда, әр отбасының сыры мен мұңына еріксіз күй болып жүретіндер. Ішімдікке салынып, шаңырағының берекесін алған маскүнеммен, отбасының ой-

ранын шығарып жүрген озбырмен, түзеу мекемесінен шықса да, түзу жолға түсе қоймаған есерсоқпен де бетпе-бет келетіндер осылар.

Сырт көзге оңай көрінгенімен, бұл қызметтің көпке біліне бермейтін ауыртпашылығы көп, жауапкершілігі де мол, қиындығы жетіп артылады. Мұның сыртында күнделікті жұмысында сан қилы адаммен жолықтыратын қызметтің қаупі мен қатері тағы бар.

Қазіргі уақытта барлық учаскелік инспекторлар қызыл судан зардап шеккен ауыл, аудан тұрғындарына күндіз-түні көмектесіп жатыр.

**Мәдина ЕРҒАЛИЕВА,  
Солтүстік Қазақстан облысы**



**МЕНШІК ИЕСІ:**  
«Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының Медиа орталығы» ЖШС

Бас директор  
**Лаура ЖАКУПОВА**

**РЕДАКЦИЯ:**  
Шеф-редактор:  
**Айнұр ЖЫЛҚЫШИНОВА**

Тілшілер:  
**Гауһарай ЕСІМОВА**  
**Раушан НАРБЕК**  
**Сүйкім ТІЛЕПБЕРГЕН**

Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №16944 – Г куәлігі берілді

- Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды
- Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес
- Жысылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді
- Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді
- Редакцияның келісімінсіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады

Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды. Газет айына 4 рет шығады. Басылым «Медиа-холдинг Египи» ЖШС баспаханасында басылады. Астана қаласы, Алматы ауданы, Сілеті к-сі, 30  
Индексі: **65395**  
Таралымы: **23154**  
Тапсырыс: **№ 513**

**БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР:**  
ИИК – KZ74856000000147459  
БИЖ – КСЖКЗКХ  
БИН – 051040005963 КБЕ-16  
«БанкЦентрКредит» АҚФ  
РНН 600900114533

**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:**  
010000, Астана қаласы,  
Майлин көшесі, 4/1.  
Телефон: 8 (7172) 37-88-64,  
ішкі нөмір 115  
www.mediaovd.kz  
Эл. пошта: sakshy@mediaovd.kz